

**Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара сауда-саттығында жанама салықтарды өндіріп алудың бірыңғай қағидаттары туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 244 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара сауда-саттығында жанама салықтарды өндіріп алудың бірыңғай қағидаттары туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара сауда-саттығында жанама салықтарды өндіріп алудың бірыңғай қағидаттары туралы келісім жасалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара сауда-саттығында жанама салықтарды өндіріп алудың бірыңғай қағидаттары туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері, халықаралық сауда-саттықтың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п , төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

**Осы Келісімде пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер пайдаланылады: жанама салықтар - қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) және акциздер (акциздік салық немесе акциздік алым);

қосылған құн салығына нөлдік ставка - Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес Тарап мемлекетінің аумағынан экспорттау кезінде тауарларға нөл пайыз ставка бойынша ҚҚС салу, бұл салық төлеуші үшін ҚҚС сомаларын есепке алу (қайтару)

нысанында бюджеттен өтеуге құқық береді;

тауар - кез келген жылжымалы және жылжымайтын мүлік, энергияның барлық түрлері, сондай-ақ контейнерлер мен басқа да көлік жабдықтарын қоса алғанда, халықаралық жолаушылар тасымалдары үшін пайдаланылатын кез келген көлік құралдарын қоспағандағы көлік құралдары;

экспорт - қайта әкелу туралы міндеттемесіз бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан басқа Тарап мемлекетінің кеден аумағына тауарлар әкету;

импорт - қайта әкету туралы міндеттемесіз бір Тарап мемлекетінің кеден аумағына басқа Тарап мемлекетінің кеден аумағынан тауарлар әкелу;

жалған экспорт - тауарларды Тарап мемлекетінің кеден аумағынан экспортталатындар ретінде жалған құжаттық ресімдеу, мұндай жағдайда осы Тарап мемлекетінің кеден аумағынан тыс жерлерге іс жүзінде әкету жүргізілмейді;

құзыретті органдар - Тараптар мемлекеттерінің Қаржы министрліктері, кеден және салық органдары.

## **2-бап**

### **Экспорт кезінде жанама салықтарды өндіріп алу қағидаты**

Тараптар мемлекеттерінің ешбірі басқа Тарап мемлекетінің аумағына экспортталатын тауарларға жанама салықтар салмайды.

Осы ереже нөлдік ставка бойынша ҚҚС салуды, сондай-ақ экспорттаушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес экспортталатын тауарларды акциздерден және /немесе ҚҚС-дан босатуды білдіреді.

## **3-бап**

### **Импорт кезінде жанама салықтарды өндіріп алу қағидаты**

Бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан экспортталған, басқа Тарап мемлекетінің кеден аумағына импортталған тауарларға импорттаушы мемлекетте оның ұлттық заңнамасына сәйкес жанама салықтар салынады.

## **4-бап**

### **Тауарларды өткізуді және жанама салықтарды төлеуді бақылау**

Тауарлардың импорты кезінде жанама салықтардың толық төленуін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жалған экспортты болдырмау үшін мұндай тауарларға қатысты жанама салықтарды Тараптар мемлекеттерінің кеден және/немесе салық органдары өндіріп алады. Тараптар арасында кедендік ресімдеу және тауарларды кедендік бақылау болмаған жағдайда жанама салықтарды әкімшілендіру тәртібі жеке Келісіммен реттеледі.

## **5-бап**

### **Жұмыстарды орындау, қызметтер**

#### **көрсету кезінде жанама салықтарды өндіріп алу тәртібі**

Жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде жанама салықтарды өндіріп алудың тәртібі жеке хаттамамен ресімделеді, ол қолданысқа енгізілгенге дейін Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларының нормалары қолданылады.

## **6-бап**

### **Келісімнің басқа халықаралық шарттармен арақатынасы**

Осы Келісімде Тараптар мемлекеттері қатысушы болып табылатын үшінші елдермен жасалған басқа халықаралық шарттардың ережелері қозғалмайды.

## **7-бап**

### **Келісімге қосылу тәртібі**

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін кез келген мемлекет осы Келісімге қатысушы бола алады. Осы Келісімге қосылу шарттары Тараптар мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын келісімде айқындалады.

## **8-бап**

### **Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## **9-бап**

### **Дауларды шешу тәртібі**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер өткізу жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда кез келген Тарап дауды Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі дауларды шешу жөніндегі органға шешуге жібере алады.

## **10-бап**

### **Келісімнің күшіне ену тәртібі**

Осы Келісім қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдер орындалғаннан кейін 200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында қол қойылған Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену тәртібі туралы хаттамада көзделген тәртіппен күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Кез келген Тарап Депозитарийге жазбаша түрде тиісті хабарлама жібере отырып, өзінің осы Келісімге қатысуын тоқтата алады. Мұндай Тарап үшін осы Келісімнің қолданылуы Депозитарий жазбаша хабарлама алған күннен бастап 12 ай өткен соң тоқтатылады.

Тараптардың бірі осы Келісімнен шыққан жағдайда, егер Тараптар өзгеше туралы уағдаласпаса, оның қолданылуы аталған Тарап осы Келісімнің қолданылу кезеңінде осы Тарап үшін туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді толық реттегенге дейін жалғасады.

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы депозитарийде сақталады.

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Біртұтас экономикалық кеңістік Комиссиясы құрылғанға және оған өкілеттік берілгенге дейін Қазақстан Республикасы Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық құқықтық құжаттардың депозитарийі болып табылады.

Депозитарий Тараптардың әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Беларусь Республикасының*  
*Үкіметі үшін*  
*Ресей Федерациясының*  
*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*  
*үшін*

*Қазақстан Республикасының*  
*Украина Үкіметі*